 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ Сапа нысаны	Н-АМУ-127-02-24 Бас. № 1 6 беттің 1 беті
	«Денсаулық сақтау» даярлық бағыты бойынша ОӘБ отырысының хаттамасы	

«ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ» ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША ОӘБ ОТЫРЫСЫНЫҢ №2 ХАТТАМАСЫ

Астана қ.

«31» қазан 2024 жыл

Отырыс форматы: онлайн/оффлайн

Отырыс басталуы: 15:00

Отырыс материалдарына сілтеме:

<https://amu.edu.kz/ru/about-university/umo/materialy-zasedaniy-umo/materialy-k-zasedaniyu-umo-ot-31-10-2024g/>


Қатысқандар:

1. ОӘБ төрағасы: К. Надыров
2. ОӘБ төраға орынбасары: Б.С.Имашева
3. ОӘБ мүшесі, «АстМУ» КеАҚ проректоры: А.Б. Жүнісова
4. ОӘБ мүшесі, «АстМУ» КеАҚ проректоры: В.В.Койков
5. ОӘБ мүшесі, «АстМУ» КеАҚ проректоры: М.А.Газалиева
6. ОӘБ мүшесі, «Ұлттық тәуелсіз емтихан орталығы» РҚБ Білім мен дағдыны бағалау бөлімінің басшысы: К.К. Досмамбетова
7. ОӘБ хатшысы: А.М. Тулегенова

Мүшелер: Оқу-әдістемелік бірлестіктің 95 мүшесі (нысан-Google Forms/QR кодының нәтижелері коға беріледі)

КҮН ТӘРТІБІ

1. Интеграцияланған медициналық білім беру бағдарламаларының базалық пәндері бойынша білім алушыларды тәуелсіз бағалау: мақсаты, тест ерекшеліктерін келісу және дағдыларды бағалау тізбесі, күтілетін нәтижелер, бағалау форматы, бағалау нәтижелерін пайдалану. Баяндамашы - К.К. Досмамбетова, Тәуелсіз емтихан ұлттық орталығының білім мен дағдыларды бағалау басқармасының басшысы.
2. «Денсаулық сақтау» бағыты бойынша магистратураға, резидентураға және докторантураға қабылдау қорытындылары, магистратураға және докторантураға түсушілер үшін алдыңғы дайындық деңгейі. Баяндамашы - Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім секциясы төрағасының орынбасары Иванченко Н.Н.
3. Оқу аяқталғаннан кейін докторлық диссертацияларды қорғау нәтижелерін талдау: негізгі жетістіктер, оларды білім беру процесіне енгізу, зерттеу практикасындағы проблемаларды анықтау, қорғау мерзімдерін сақтамау жағдайлары және қорғау процесін жақсарту бойынша ұсыныстар. Баяндамашы - «Астана медицина университеті» КеАҚ проректоры В.В.Койков.
4. «Денсаулық сақтау даярлау бағыты бойынша ББ білім алушыларын, түлектерін тәуелсіз бағалау: спецификацияларды, сарапшылар тізімін, сараптама және аттестаттау кестесін келісу». Баяндамашы - Тәуелсіз емтихан ұлттық орталығының білім мен дағдыларды бағалау басқармасының басшысы К.К. Досмамбетова
5. 2024-2025 оқу жылына арналған секциялардың, ЖБТ жұмыс жоспарын бекіту. Баяндамашы - ОӘБ төрағасының орынбасары - Имашева Б.С.
6. Әр түрлі:
 - 6.1 Университетті дамыту мақсатында С.Д. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ-дың Endaument қорымен өзара әрекеттесуі туралы тәжірибесі. Баяндамашы - С.Ж.

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ <i>Сапа нысаны</i>	Н-АМУ-127-02-24 Бас. № 1 6 беттің 1 беті
	<i>«Денсаулық сақтау» даярлық бағыты бойынша ОӘБ отырысының хаттамасы</i>	

Асфендияров атындағы ҚазҰМУ академиялық блок жөніндегі проректоры Ж.А. Қалматаева

6.2 2024 жылғы 26 қыркүйектегі «Денсаулық сақтау» бағыты бойынша Оқу-әдістемелік бірлестік отырысының шешімдерін орындау:

- Денсаулық сақтау саласындағы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары сарапшыларының тізімін келісу;
- Денсаулық сақтау - даярлау бағыты бойынша Оқу-әдістемелік бірлестіктің отырысында бекітілген сертификаттау курстарының Білім беру Бағдарламаларын Каталог АЖ-не енгізуді 2024 жылғы 4 қазанға дейін аяқтау.
- Денсаулық сақтау - даярлау бағыты бойынша Оқу-әдістемелік бірлестіктің отырысында бекітілмеген сертификаттау курстарының Білім беру Бағдарламаларын Каталог АЖ-нен алып тастау. Мерзімі - қазан 2024 ж. (С. Қайырбекова атындағы ДСҰО, Қосымша және бейресми білім беру секциясы).

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

1. Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің оқу-әдістемелік бірлестігінің төрағасы, Басқарма төрағасы-ректор – Надыров Камалжан Талғатұлы: Әбуәлі Ибни Сино атындағы Тәжік мемлекеттік медицина университетінің, Душанбе, Тәжікстан стратегиялық даму және білім сапасы орталығының директоры - Махмудзода Хайем Рузибойды таныстырды, ол оқу-әдістемелік бірлестіктің негізгі құрамына шетелдік серіктес ретінде енгізілген (хат-келісім № 01/6044// - 3).

1-сұрақ.

Интеграцияланған медициналық білім беру бағдарламаларының базалық пәндері бойынша білім алушыларды тәуелсіз бағалау: мақсаты, тест ерекшеліктерін келісу және дағдыларды бағалау тізбесі, күтілетін нәтижелер, бағалау форматы, бағалау нәтижелерін пайдалану.

ТЫҢДАЛДЫ:

Ұлттық тәуелсіз емтихан орталығының білім мен дағдыларды бағалау басқармасының басшысы Қ.К. Досмамбетова интеграцияланған медициналық білім беру бағдарламаларының базалық пәндері бойынша білім алушылардың тәуелсіз бағасы туралы ақпаратты ұсынды, ЖОО бойынша 3 курстың 2022 жылы пилоттық режимде өткізілген студенттердің тәуелсіз емтихан нәтижелеріне салыстырмалы талдау көрсетті, сондай-ақ білімді бағалау форматында жана тәсілдерді атады (баяндама қоса беріледі)


Ұсыныстар: «Қарағанды медицина университеті» КеАҚ Басқарма төрағасы-Ректор - Тұрмұхамбетова Анар Ақылбекқызы:

- 1) 150 сұрақ қалдыру, бұл техникалық ерекшелікті қамтиды және студенттердің білімін толық бағалау болып табылады.
- 2) Шекті балды төмендету, 50 балл деңгейінде жасау, бұл 150-ден 30% -ға сәйкес келеді. Бұл ықтимал тәуекелдерді төмендетуге мүмкіндік береді.

Республикалық оқу-әдістемелік кеңес оқу-әдістемелік бірлестігінің төрағасы К.Т. Надыров:

Осы мәселені барлық мүдделі мамандарды тарта отырып, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру секцияларында мұқият талқылауды және заң сараптамасын, атап айтқанда базалық пәндер бойынша білімді тәуелсіз бағалау пунктін шартқа және жоғары оқу орындарының академиялық саясатына енгізу туралы мәселені жүргізуді ұсынамын.

ШЕШІЛДІ:

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ <i>Сапа нысаны</i>	Н-АМУ-127-02-24 Бас. № 1
	<i>«Денсаулық сақтау» даярлық бағыты бойынша ОӘБ отырысының хаттамасы</i>	6 беттің 1 беті

1-ші мәселе бойынша шешім келесі отырыста, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру секцияларында талқыланғаннан кейін қабылданын.

Онлайн дауыс беру нәтижелері:

- «келісті» - 95 дауыс
- «қарсы» - жоқ
- «қалыс қалды» - жоқ

2-нші сұрақ «Денсаулық сақтау» бағыты бойынша магистратураға, резидентураға және докторантураға қабылдау қорытындылары, магистратураға және докторантураға түсушілер үшін алдыңғы дайындық деңгейі.

ТЫНДАЛДЫ:

1. «Денсаулық сақтау» бағыты бойынша магистратураға, резидентураға және докторантураға қабылдау қорытындылары бойынша, сондай-ақ магистратураға және докторантураға түсушілер үшін алдыңғы дайындық деңгейі туралы Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру секциясы төрағасының орынбасары Иванченко Нелля Николаевна баяндама жасады. Баяндамашы салыстырмалы талдауды ұсынды және мамандарды даярлау жүйесіндегі негізгі проблемаларды көрсетті (баяндама қоса беріледі).

ШЕШІЛДІ:

2.1 Ғылыми-педагогикалық бағыт пен бейіндік магистратура саласында бөлінген гранттарды тиімді игеру үшін білім беру ұйымдары магистратура бағдарламаларына үміткерлерді тарту сапасы мен көлемін арттыру жөнінде кешенді шаралар қабылдасын.

2.2 Білім беру ұйымдары медициналық білім берудің сапасын жақсарту және оның еңбек нарығының қажеттіліктеріне сәйкес арттыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу мақсатында резидентура бағдарламаларының қажеттілігіне талдау жүргізісін.

2.3 Университеттер қызығушылықты арттыру және талапкерлердің санын ұлғайту, неғұрлым талантты жас ғалымдарды қабылдауды қамтамасыз ету үшін докторантураға гранттық және ақылы оқуға тиімді іріктеуге бағытталған тартымды стратегияларды әзірлесін.

Онлайн дауыс беру нәтижелері:

- «келісті» - 95 дауыс
- «қарсы» - жоқ
- «қалыс қалды» - жоқ

3-сұрақ.


Оқу аяқталғаннан кейін докторлық диссертацияларды қорғау нәтижелерін талдау: негізгі жетістіктер, оларды білім беру процесіне енгізу, зерттеу практикасындағы проблемаларды анықтау, қорғау мерзімдерін сақтамау жағдайлары және қорғау процесін жақсарту бойынша ұсыныстар. Баяндамашы - Астана Медицина университетінің проректоры В.В.Койков

ТЫНДАЛДЫ:

«Астана Медицина университеті» базалық ЖОО құқығында проректор Койков Виталий Викторович «Докторлық диссертацияларды оқуды аяқтағаннан кейін қорғау нәтижелерін талдау: негізгі жетістіктер, оларды білім беру процесіне енгізу, зерттеу практикасындағы проблемаларды анықтау, қорғау мерзімдерін сақтамау жағдайлары және қорғау процесін жақсарту жөніндегі ұсыныстар» мәселесі бойынша жалпы жиынтық ақпаратты ұсынды (материалдар қоса беріледі).

ШЕШІЛДІ:

3.1 ЖОО, ҰО және ҒЗИ жоғары рейтингті ғылыми басылымдарға мақалалар жазу, ресімдеу және беру дағдыларын дамыту жөніндегі курстарды ұйымдастырғаны жөн. Ұйымда іске асырылатын

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ <i>Сапа нысаны</i>	Н-АМУ-127-02-24 Бас. № 1 6 беттің 1 беті
	«Денсаулық сақтау» даярлық бағыты бойынша ОӘБ отырысының хаттамасы	

нақты ғылыми бағдарламалар мен жобалар шеңберінде докторлық зерттеулерді жоспарлау мен іске асыруды қамтамасыз ету, сондай-ақ оларды іске асыру үшін ел ішінде де, шетелде де ғылыми гранттар мен әріптестерді іздестіру және тарту үшін тиімді тұғырнамалар құру.

3.2, Жобалар мен зерттеулерді қаржыландыру жүйесін жақсарту мақсатында жас ғалымдарды, оның ішінде докторанттарды зерттеу үшін жоғары оқу орны ішіндегі гранттар бағдарламаларын дамыту ұсынылады. Бұл үшін университеттердің эндаумент-қорларының қаражатын тарту.

3.3, Ғылыми жетістіктерді білім беру бағдарламаларына ықпалдастыруға мүмкіндік беретін диссертациялық зерттеулердің нәтижелерін оқу процесіне енгізу жөнінде тиімді шаралар қабылдау.

Онлайн дауыс беру нәтижелері:

«келісті» - 95 дауыс

«қарсы» - жоқ

«қалыс қалды» - жоқ


4-сұрақ.

Білім беру бағдарламаларының білім алушыларын, түлектерін "Денсаулық сақтау" даярлау бағыты бойынша тәуелсіз бағалау: спецификацияларды, сарапшылар тізімін, сараптама және аттестаттау кестесін келісу". Баяндамашы - Ұлттық тәуелсіз емтихан орталығының білімі мен дағдыларын бағалау басқармасының басшысы К.К. Досмамбетова
ТЫНДАЛДЫ:

"Денсаулық сақтау "даярлау бағыты бойынша білім алушыларды, білім беру бағдарламаларының түлектерін тәуелсіз бағалау: ерекшеліктерді, сарапшылар тізімін, сараптама және аттестаттау кестесін келісу" бойынша баяндаманы К. К. Досмамбетова ұсынды (материал қоса беріледі).

ШЕШІЛДІ:

1. Барлық білім беру бағдарламалары бойынша Жобаларды Басқару Тобының жанындағы сараптамалық кеңестің құрамы 2 жыл мерзімге бекітілсін.
2. Ұлттық тәуелсіз емтихан орталығы емтихан материалдарын әзірлеушілер мен сарапшыларға қойылатын талаптар бойынша ұсыныстар берсін. Орындау мерзімі - 2024 жылғы 7 қарашаға дейін.
3. ЖОО-ы Республикалық Оқу-Әдістемелік Кеңестің Оқу-Әдістемелік Бірлестігіне емтихан материалдарын әзірлеу және сараптау жөніндегі оқыту семинарынан өту үшін оқытушылардың кандидатураларын ұсынсын. Орындау мерзімі: 2024 жылғы 15 қарашаға дейін.
4. Ұлттық тәуелсіз емтихан орталығы сарапшыларды F-типті, G-типті тест тапсырмаларын құрастыру бойынша оқытуды ұйымдастырсын және жүргізсін, Орындау мерзімі: 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін.
5. Ұлттық тәуелсіз емтихан орталығы емтихан материалдарын сараптауға қатысатын сарапшыларға қойылатын талаптардың мынадай тізбесін қоса алғанда, Сарапшылар туралы ережені әзірлесін: Мамандығы бойынша педагогикалық өтілі кемінде 5 жыл (міндетті түрде); мемлекеттік және орыс тілдерін (міндетті түрде), ағылшын тілін білу (мүмкіндігінше); Тестолог/сарапшы сертификатының болуы (міндетті түрде). Орындау мерзімі: 2024 жылғы 20 қарашаға дейін.
6. ЖОО-ы Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің Оқу-әдістемелік бірлестігіне бакалавриаттың «Медбикелік іс», «Қоғамдық денсаулық сақтау», «Фармация» білім беру бағдарламалары, «Жалпы медицина», «Педиатрия», «Стоматология» интернатурасының білім беру бағдарламалары және резидентураның ББ (48 мамандық) білім беру бағдарламалары түлектерінің кәсіби даярлығын бағалау бойынша техникалық ерекшеліктерін келісу бойынша ұсыныстар берсін. Орындау мерзімі: 2024 жылғы 15 қарашаға дейін.

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ <i>Сапа нысаны</i>	Н-АМУ-127-02-24 Бас. № 1 6 беттің 1 беті
	«Денсаулық сақтау» даярлық бағыты бойынша ОӘБ отырысының хаттамасы	

7. Ұлттық тәуелсіз емтихан орталығы бакалавриат, интернатура, резидентура түлектерінің кәсіби даярлығына бағалау жүргізу үшін емтихан материалдарына сараптама ұйымдастырсын және жүргізісін. Орындау мерзімі: 2025 жылғы 15 қаңтарға дейін.
8. Ұлттық тәуелсіз емтихан орталығы 2025 жылғы ақпаннан бастап білім беру бағдарламаларының барлық ниет білдірген түлектері үшін өзін-өзі бағалаудан өтуді қамтамасыз етсін.
9. Интернатура түлектерінің білімін қорытынды бағалауға жалпы санынан 10% -дан аспайтын көлемде F-типті тест тапсырмалары, резидентура түлектері үшін - 10% -дан аспайтын және G-типті 5% -дан аспайтын көлемде енгізілсін.
10. Ұлттық тәуелсіз емтихан орталығы кейіннен емтихан тапсыру үшін интернатура түлектерінің жалпы санының 50% -ын және резидентураның 100% -ын компьютерлік симуляцияларды пайдалана отырып, практикалық дағдыларды бағалаудың 2-кезеңін сынақтан өткізсін. Мерзімі 2025 жылғы 1 ақпанға дейін.
11. Фармация, Мейірбике ісі, Қоғамдық денсаулық сақтау мамандықтарының бакалавриат түлектері үшін білім мен дағдыларды бағалау өткен жылға ұқсас форматта жүргізілсін.

Онлайн дауыс беру нәтижелері:

«келісті» - 95 дауыс

«қарсы» - жок

«қалыс қалды» - жок

5-сұрақ.

"2024-2025 оқу жылына арналған секциялардың, ЖБТ-ның жұмыс жоспарларын бекіту. Баяндамашы - ОӘБ Төрағасының орынбасары Б.С. Имашева

ТЫҢДАЛДЫ:

Төраға орынбасары Б.С.Имашева Секциялардың, Жобаларды басқару топтарының 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспарлары бойынша ақпарат берді (материал қоса беріліп отыр).

ШЕШІЛДІ:

5. 2024-2025 оқу жылына арналған секциялардың, Жобаларды басқару топтарының жұмыс жоспарларын бекіту.

Онлайн дауыс беру нәтижелері:

«келісті» - 95 дауыс

«қарсы» - жок

«қалыс қалды» - жок

6. Әр түрлі

6.1 С.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ-дың университетті дамыту мақсатында Endaument қорымен өзара іс-қимылы туралы тәжірибесі".


ТЫҢДАЛДЫ:

1, ҚазҰМУ КеАҚ академиялық қызмет жөніндегі проректоры - Қалматаева Жанна Амантайқызы «ҚазҰМУ» КеАҚ Endaument қорының тәжірибесі туралы айтып берді (материал қоса беріледі).

6.2 2024 жылғы 26 қыркүйектегі «Денсаулық сақтау» бағыты бойынша ОӘБ отырысының шешімдерін орындау

ТЫҢДАЛДЫ:

Республикалық оқу-әдістемелік кеңес Оқу-әдістемелік бірлестігі төрағасының орынбасары Имашева Бағдат Сәкенқызы қазан айына жоспарланған отырыс шешімдерінің орындалуы туралы баяндады:

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ Сапа нысаны	Н-АМУ-127-02-24 Бас. № 1 6 беттің 1 беті
	«Денсаулық сақтау» даярлық бағыты бойынша ОӘБ отырысының хаттамасы	

- денсаулық сақтау саласындағы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары сарапшыларының тізімін келісу - орындалды, сарапшылар базасы оқытудан өтуіне қарай кеңейтілетін және толықтырылатын болады.

Мынадай шешімдер: - Оқу-Әдістемелік Бірлестіктің мәжілісінде отырысында бекітілген сертификаттау курстарының Білім беру Бағдарламаларының АЖ енгізуді 4 жылғы 2024 қазанға дейін аяқтау.

- Денсаулық сақтау - даярлау бағыты бойынша ОӘБ отырысында бекітілмеген сертификаттау курстарының Білім беру Бағдарламаларын Каталог Ақпараттық Жүйесінен алып тастау. Мерзімі

- қазан 2024 ж. (С. Қайырбекова атындағы ҰҒДСДО, Қосымша және бейресми білім беру секциясы) ҚР ДСМ ҰҒДСДО 16.10.2024ж. № 11-3/3561 хаты

РОӘК ОӘБ Төрағасы

Хатшы



К.Т. Надыров

А.М. Тулегенова